



## БҮЙРЫҚ

2024 ж. 23.02.

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ 2-02/136

город Павлодар

### Ш. Аймановтың 110 жылдығына орай, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық кезеңін қашықтан өткізу туралы

Кинематография арқылы білім алушылардың бойына моральдық-адамгершілік, эстетикалық және әдеп құндылықтарын қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің рухани, зияткерлік және шығармашылық дамуына ықпал ету, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау, балаларды қосымша біліммен қамту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2024 жылғы 21 ақпан 20 наурыз аралығында «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) облыстық кезеңі қашықтан өткізілсін.
2. Фестивальді ұйымдастыру және өткізу Ережесі (1-қосымша), шығын сметасы (2-қосымша) бекітілсін.
3. М.М. Катаев атындағы окушылар сарайының басшысы (А.Ж. Ерубаева) Фестивальдің ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.
4. Білім беру басқармасының экономика және стратегиялық даму бөлімі (Б.С. Бисимбаева) балалармен мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге бөлінген қаражат шегінде Фестиваль-байқауды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
5. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары, облыстық мамандандырылған және арнайы мектеп директорлары мектепішілік, аудандық, қалалық кезең женімпаздарының Фестивальға қатысуын қамтамасыз етсін.
6. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Р.К. Акановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Бүйрықпен таныстырылды

006874

С. Айтқазина

R. Аканова  
  
Б. Бисимбаева

*Приложение 1  
к приказу № 2-02/136 от «23» февраля 2024 г.  
Управления образования Павлодарской области*

**Правила проведения областного тура Республиканского  
Фестиваля детского кино «Дети Казахстана в мире без границ!»,  
приуроченного 110-летию Ш. Айманова**

**1. Общие положения**

1. Правила проведения областного тура Республиканского фестиваля детского кино «Дети Казахстана в мире без границ!» (далее – Фестиваль) определяют цель, задачи, формат и порядок его проведения и финансирования.

2. Цель: формирование морально-нравственных, эстетических и этических ценностей у обучающихся средствами кинематографа, содействие духовному, интеллектуальному и творческому развитию детей и подростков, выявление и поддержка одарённых детей и молодежи, охват детей дополнительным образованием.

3. Задачи:

1) создание условий для развития интеллектуальных и творческих способностей детей;

2) выявление вопросов и проблем, которые интересны подрастающему поколению;

3) пропаганда нравственных, духовных и семейных ценностей;

4) выявление наиболее талантливых актеров, сценаристов, режиссеров, стимулирование их творческой активности и профессиональной ориентации.

4. Конкурс проводится в дистанционном формате областным Дворцом школьников им. М.М. Катаева.

5. Организаторы формируют составы организационного комитета и жюри.

**2. Время и место проведения Фестиваля**

6. Конкурс в Павлодарской области проводится в дистанционном формате с 21 февраля по 20 марта 2024 года.

7. Участники направляют заявки на участие путем заполнения заявки в сервисе Google Формы <https://forms.gle/WWpb1HeZXrzSrSQe9> до 20 марта 2024 года.

Итоги Фестиваля, дипломы победителей с указанием ФИО руководителей будут размещены на сайте Дворца школьников: <http://www.dshk.kz/> 28 марта 2024 года.

Работы победителей областного тура будут направлены на участие в заключительном этапе Республиканского Фестиваля.

### **3. Участники Фестиваля**

8. В Фестивале принимают участие обучающиеся 11-17 лет организаций общего среднего и дополнительного образования Павлодарской области.

### **4. Порядок проведения Фестиваля**

9. **Областной тур** Республиканского Фестиваля проводится в два этапа:

1) первый этап (отборочный) – Региональный:

внутришкольный;

районный (городской);

2) второй этап – областной.

10. Порядок проведения регионального (отборочного) этапа Фестиваля регламентируется приказами руководителей районных (городских) отделов образования области.

Фестиваль проводится с соблюдением норм санитарно-эпидемиологической безопасности, режима дезинфекции, квартирцевания, проветривания, не допуская массового скопления людей, или дистанционно.

11. На Фестиваль принимаются авторские работы любого жанра и творческого решения: короткометражные фильмы до 3-х минут, снятые при помощи традиционных или цифровых технологий – видеокамеры, фотокамеры и мобильных телефонов с последующим монтажем (видеосборка).

#### **12. Фестиваль проводится по следующим номинациям:**

**1) игровое кино** – произведение, сюжет (вымышенный или реальный) которого создается с помощью актерской игры, операторского и режиссерского искусства;

**2) STOP-MOTION-видео** – сюжетное произведение, созданное в технологии STOP-MOTION. Ролик монтируется из последовательностей кадров, снятых на фотокамеру или выбранных из видео;

**3) лучшая социальная реклама** – короткое рекламное сообщение для привлечения внимания широкой зрительской аудитории к проблемам общества;

**4) лучший видеоклип, видеоролик** – видео, который содержит художественную авторскую концепцию и использует для ее выражения новейшие средства видеотехники и компьютерной обработки;

**5) телевизионный сюжет** – кинохроника, содержащая короткую информацию об истории семьи, родном крае, школе и других интересных событиях;

**6) лучшая телепрограмма для детей** – короткометражный кинофильм, содержащий отдельные эпизоды, сцены, отражающие жизнь детей;

**7) лучший научно-популярный фильм** – научно-исследовательское, научно-популярное, учебное кино.

#### **13. Конкурсные работы оцениваются по следующим критериям:**

1) глубина раскрытия темы, актуальность, эмоциональное воздействие;

2) режиссёрское и операторское искусство (сложность съёмок, техническое качество, четкое видеоизображение и качественный звук, искусство монтажа);

3) музыкальное сопровождение.

**14. Требования к содержанию конкурсных работ:**

- жизнь, работа, увлечения детей и взрослых, их мечты;

- пропаганда здорового образа жизни;

- проявление доброты и милосердия;

- социальная компетентность, приобщение обучающихся к культурным традициям своего народа, общечеловеческим ценностям;

- диалог поколений;

- экология и защита окружающей среды;

- проявление патриотических качеств и интереса к изучению своего языка.

**15. Технические требования к оформлению конкурсных работ.**

Формат видео: mp4 (16:9 горизонтальное видео). В работе используются видео, фото, интервью, блиц-опросы, заставки и титры и субтитры, фрагменты, музыка, закадровый голос, фрагменты из видеофильмов. При этом в титрах или кратком описании работы обязательно указываются авторы использованных в фильме материалов.

16. Один автор представляет не более одного фильма на Фестиваль. Представленные на фестиваль фильмы не возвращаются. Материалы, имеющие брак в изображении или в звуке, к конкурсу не допускаются.

17. Фильм не должен нарушать чужие авторские права. Фильм не должен содержать элементы расовой, межнациональной, религиозной непримиримости, призывы к насилию и нарушению прав и достоинства граждан, противоречить законодательству Республики Казахстан.

18. Организаторы Фестиваля вправе опубликовать представленные на конкурс работы в прессе и интернет-изданиях со ссылкой на автора.

**5. Подведение итогов и награждение участников Фестиваля**

19. По итогам Фестиваля жюри определяет победителей. Победители награждаются дипломами I, II, III степеней, а руководители команд-победителей – благодарственными письмами.

20. 28 марта 2024 года на сайте Дворца школьников <http://www.dshk.kz/> будут размещены электронные версии дипломов с возможностью скачивания. Телефон для справок: 8(718 2) 651318, 87072132013.

Павлодар облысының білім беру басқармасының  
2024 жылғы «23 ғұнас

№ 2-а- бүйрекшінен 1-қосымша

**Ш. Аймановтың 110 жылдығына орай,  
«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының  
республикалық фестивалінің облыстық кезеңін өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалі облыстық кезеңінің (бұдан әрі – Фестиваль) мақсатын, міндеттерін, өткізу форматын, тәртібін және қаржыландыруын анықтайды.

2. Фестивальдің мақсаты: кинематография арқылы білім алушылардың бойына моральдық-адамгершілік, эстетикалық және әдеп құндылықтарын қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің рухани, зияткерлік және шығармашылық дамуына ықпал ету, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2) ескелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;

3) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды насиҳаттау;

4) неғұрлым талантты актерлерді, сценаристерді, режиссерлерді анықтау, олардың шығармашылық белсенділігі мен кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

4. Фестиваль қашықтық форматта М.М.Катаев атындағы Окушылар сарайы өткізеді.

5. Фестивальді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады.

**2. Фестивальді өткізу уақыты мен орны**

6. Фестиваль Павлодар облысында 2024 жылғы 21 ақпаннан 20 наурыз дейін қашықтан өткізіледі.

7. Фестивальге қатысу туралы өтінім мен жұмыстар <https://forms.gle/WWpb1HeZXrzSrSQe9> нысаны Google сервисі арқылы 2024 жылдың 20 наурыз дейін қабылданады.

2024 жылғы 28 наурыз - фестиваль қорытындысы, жетекшілердің аты-жөні көрсетілген женімпаздардың дипломдары <http://www.dshk.kz> Окушылар сарайының сайтында орналастырылады.

Облыстық тур женімпаздарының жұмыстары республикалық Фестивалге қатысады.

### **3. Фестиваль қатысушылары**

8. Фестивалге облыстың жалпы орта, қосымша білім беру үйымдарының 11-17 жас аралығындағы білім алушушылары қатысады.

### **4. Фестивальді өткізу тәртібі**

9. Республикалық Фестивальдің **облыстық туры** екі кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең (іріктеу) – өндірлік:  
мектепшілік фестиваль;  
аудандық (қалалық);
- 2) екінші кезең (қорытынды) – облыстық.

10. Фестивальдің өндірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері мен облыстық білім беру басқармасы басшыларының бұйрығымен анықталады.

Фестиваль санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың көп жиналудына жол бермей немесе қашықтан өткізіледі.

11. Фестивальге кез-келген жанрдағы және шығармашылық шешімдегі авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялар көмегімен – бейнекамера, фотокамера және ұялы телефонмен монтаждалып түсірілген 3 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер (бейнежинақ) қабылданады.

### **12. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

1) **ОЙЫНДЫ КИНО** – операторлық және режиссерлік, актерлік ойындар өнері көмегімен түсірілген сюжетті (оидан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;

2) **STOP-MOTION-видео** – технологиясымен құрылған видео, сюжетті шығарма. Таңдал алғынған видеодан немесе фотокамерадан түсірілген кадрларды тізбектей монтаждалатын ролик;

3) **ҰЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМА** – қалың көрермен аудиториясының назарын қоғам мәселелеріне аудару үшін қысқа жарнамалық хабарлама;

4) **ҰЗДІК БЕЙНЕКЛИП, БЕЙНЕРОЛИК** – көркем авторлық тұжырымдаманы қамтитын және оны білдіру үшін бейне техникасы мен компьютерлік өндеудің соңғы құралдарын қолданатын бейне;

5) **ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ СЮЖЕТ** – отбасы тарихы, туған өлке, мектеп және басқа да қызықты оқиғалар туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кинохроника;

6) **БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕҢ ЖАҚСЫ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА** – балалардың өмірін бейнелейтін жеке эпизодтар, көріністері бар қысқа метражды фильм;

7) **ҰЗДІК ҒЫЛЫМИ-КӨРКЕМ ФИЛЬМ** – ғылыми-зерттеу, ғылыми-көпшілік, оқу киносы.

13. **Байқау жұмыстары келесі бағалау критерийлері бойынша бағаланады:**

- 1) тақырыпты ашу тереңдігі, өзектілігі, эмоциялық эсері;

2) режиссерлік және операторлық өнері (түсірілімнің күрделілігі, техникалық сапасы, бейнесуреттің анықтығы және дыбыстың сапасы, монтаждау өнері);

3) музыкалық сүйемелдеу.

**14. Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- өмір, жұмыс, балалардың қызығушылықтары, олардың армандары;
- салауатты өмір салтын насиҳаттау;
- мейірімділік және қайырымдылық таныту;
- әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу;
- ұрпақтар диалогі;
- қоршаған орта экологиясы және оны қорғау;
- отансүйгіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге қызығушылық.

**15. Байқау жұмыстарын ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар.**

Видеоның форматы: *mp4* (16:9 көлденен түсірілген видео). Жұмыста видеофильмдерден алынған видео, фото, интервью, блиц-сұрақтар, көркем суреттер, титрлар мен субтитрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған фрагменттер қолданылады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс.

16. Фестивальге бір автор бір фильмнен артық ұсына алмайды. Фестивальге ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Фестивальге ұсынылған фильмнің дыбысталуынан немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға жіберілмейді.

17. Фильм бөтен адамның авторлық құқығын бұзбауы керек. Фильмде нәсілдік, ұлтаралық, діни ымырасыздық элементтері, азаматтардың құқықтары мен қадір-қасиетін зорлық-зомбылыққа және бұзуға шақырулар болмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

18. Фестивальдің ұйымдастырушылары байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

**5. Қатысушыларды марапаттау**

19. Фестивальдің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

20. 2024 жылғы 28 наурыз - дипломдардың электронды нұскалары [www.dshk.kz](http://www.dshk.kz) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (718 2) 651318, 87072132013.